

Бірлік ауылдық округінің Бірлік ауылындағы кейбір құрамдас бөліктерді қайта атау туралы

Жамбыл облысы Шу ауданы Бірлік ауылдық округінің 2023 жылғы 12 шілдедегі № 15 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 12 мамырдағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ШЕШТІМ:

1. Бірлік ауылдық округінің Бірлік ауылындағы келесі құрамдас бөліктері қайта аталсын:

Иван Панфилов 1-тұйық көшесі Шерхан Мұртаза көшесіне;

Иван Панфилов 2-тұйық көшесі Қасым Қайсенов көшесіне;

Иван Панфилов 3-тұйық көшесі Мұқағали Мақатаев көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні